



## Торғайдың топжарған азаматы



### Тарихқа бай Сарыторғай

Бір шындық бар, ол – Ұлы Қазақтың Ұлы Даласының құпия-сырларының әлі де ашылмай жатқандығы. Бәлкім, ғасырда бір рет қана туылатын Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан тәрізді ғұламаларымыздың жүлдіздай жарқ етіп, ғылым көгінде көрінуін күтіп жатқан болар, бар байлығын құшағына қысып, касиетті қайран қазақ жері.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қарапайым мысал келтірейікші. Көптеген ағайындарымыз менсіне бермейтін Торғайдың жер бетіндегі ерекше құбылыстарға, тылсым құпияларға толы өлке екендігін әлемнің атақты ғалымдары ашық мойынданай

бастады. «Торғай – адамзат мәдениеті мен ғылымының ең биік шыңында тұрған ғажайып өнір» дейді олар. Неге десеніз, дүниежүзіндегі елдердің бәрінің ынтызыры ауып, «ауыздарын ашып» қарайтын Мысыр пирамидаларынан Торғай топырағында көміліп жатқан пирамидалар артық болмаса, еш кем емес екен. Зерттеушілердің айтуынша, бұдан да басқа ғажап жаңалықтар бар көрінеді.

Біздің бүгінгі басты кейіпкеріміз – «Парасат» пен «Құрмет» ордендерінің иегері, бір қала мен төрт ауданды басқарған білікті басшы, ардақты әке Сабыржан Ахметұлының ескен ортасы – Сарыторғайда Торғай жазығына орын тепкен киелі мекен. Қазақтың мақтанышы, Төлең Жәүке батыр осы топырақта туып-өсіп, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басы-қасында болған тарихи тұлға. Қаһарман атаның есімі Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастанында, Е.Бекмахановтың «Қазақ халқының Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысы» атты еңбегінде, И.Есенберлиннің «Қаһар» романында, Д.Әлімбаевтың «Кенесары», Н.Ахметбековтың «Қарға» поэмаларында, М.Әбдіровтың «Кенесары және қазақтар», Ж.Кенжалиннің «Жәуке батыр», т.б. жазбаларында аталып өтті.

Сарыторғай өзені бойындағы ауыл бұрындары «Екі дің» деп аталған. Оған себеп, Жәуке батыр бабамыз орыстармен шайқаста екі діңнің басына құні-тұні қарауыл қойыпты. Жау келе жатқанда от жағып, белгі береді екен. Екі дің әлі құнге дейін бар. Сол қалпында сакталған. Кеңес үкіметі орнамай тұрып-ақ Сарыторғайдың қазақ болыстары мен билерінің съезі болып өткендігін еске түсірсек артық болмас.

Қызылдар өз жүйесін орнатқан соң ауыл кеңшарға айналған. 1944 жылы И.Сталиннің бүйірімен Сарыторғай жылқы зауыты ашылған. Мақсаты: майданға міністі жылқылар жөнелтіп отыру екен. Көнекөздердің айтуынша, 1994 жылға дейін жылқы зауыты жұмыс істеген. Төрт мыңға тарта жылқы өсірілген. Алайда ауылшаруашылығының жекешелендірілуін өз мүддесіне шебер пайдаланған «қызыл» директорлар мемлекеттің мындаған бас малын тез арада талан-таражға салған көрінеді.

«1966 жылы Бейімбет Майлин атындағы орта мектепті бітірдім, – деп бастады әңгімесін Сабыржан аға, – екі жылдық әскери міндеттімді өтеп қайтқан соң ауылдағы жылқы зауытына жұмысшы бол орналастым. Электр жөндеуші болым. Техникумды тәмамдағаннан кейін Сарыторғайдың электр бөлімшесін басқартты. Сөйтіп жүріп, Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы ауылшаруашылығы институтынан инженер-механик деген мамандық алғып шықтым».

Естерінізде болар, КСРО кезінде жоғары білімі бар азаматтар еңбек жолын ауылдан бастайтын. Өзінің қабілеттілігін, тәжірибе жинақтағандығын көрсеткен соң ғана әрі қарай жоғарылайтын. Біздің кейіпкеріміз де сондай заңды жолды аттап кетпеген. Табаны күрек-тей он алты жыл бойы ауылдың «отымен кіріп, құлімен шыққан».

## Ізденіс жолында

Ол кезеңде (автор Компартия заманын айтып отыр – ред.) жастардың қызмет сатысымен көтерілуі өзіне ғана байланысты болатын. Біріншіден, тәжірибе қажет. Екіншіден, қай жағынан болмасын тазалық болуға тиіс. Үшіншіден, әрбір жас өзінің енбеккорлылығын, адалдығын, ізденімпаз екендігін дәлелдеуге міндетті.

Бір ғажабы: қызмет бабымен өсетін жастардың басым көпшілігі тамыр-тансыстық дегенді білмейтін. Жүргегі «Елім, жерім» деп соғатын. «Қайтсем елімнің дамуына, ілгері қарыштауына өзіндік үлес қосам» деп ойлайтын.

Сабыржан Ахметұлы да озық ойлы жастардың санатынан еді. Сондықтан да Аманкелді ауданында тоғыз жыл бойы электр жүйесі мекемесі мен автокөлік басқармасын басқарды. Ол облысқа қарай жоғарылауды армандаған жоқ. Өзінің туып-өсken мекенінде адал еңбек етіп, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуді басты арманына балады.

1993 жылы оған облыс басшылары Арқалық қаласы әкімінің орынбасары қызметін ұсынғанда, не істерін білмегені рас. Өйткені бұл қала аса қызын жағдайға тап болған-ды.

Гәп мынада: 1970 жылдың құрылған Торғай облысы 1988 жылдың таратылады. Сол кезде Арқалық қаласында 60 мыңның үстінде тұрғын бар екен. Қаншасы көшкенін жорамалдай беріңіз. Жарық бүгін бар, ертең жоқ. Көп қабатты үйлер соғыс кезіндегідей қаңырап, босап қалып жатты. 1991 жылдың Қазақстан үкіметі Торғай облысын қайта ашты. Эйтсе де ауруы асқынған кісінің оңалуының қыынға соғатыны сияқты, бұл қаланың төрт аяғынан тік тұруы неғайбыл. Жоғарыдағылар осы шындықты түсінген болуы керек, ақыры 1997 жылдың біржолата жауып тынды.

Әлқисса, қырық алты жастағы Сабыржан ағамызға оралайық. «Не істеу керек?» деп сұрады ол өзінен. Аманкелдідегі жағдайы бір қалыпты. Қабырғасымен ақылдаса келе, қындықтан қашпауға, басшылық сенімін аяқасты етпеуге бел буды. Содан екі жыл бойы «түнде үйқысынан, күндіз күлкісінен айрылды». Бірақ біреуден «әй!» деген реніш сөз естімей кетті. Қайда кетті дейсіз бе? Облыс басшылары оның іскерлігін, табандылығын ұнатып қалса керек, артта қалған тағы бір аудан Амантоғайға әкім етіп тағайыннадады. Мұндағы проблема да шаш етектен екен. Дегенмен халық арасында жүріп, небір сыннан сүрінбей өтіп келе жатқан білікті де білімді маман еш сасқан жоқ. Ел-жүртпен ақылдаса келе, ең алдымен ауадай қажетті нысандарды қалпына келтіруге атсалысты. Бірінде аурухана, екіншісінде мектеп, үшіншісінде ауызсу мәселелері рет-ретімен дұрыс жолға қойылып жатты.

Әлгінде жоғарыдағы лауазымды шенеуніктердің киелі Торғайды шырыл қаққанына қарамастан тарыдай тоздырып жібергенін еске түсірдік қой. Бұл халықтың мәңгі есінен шықпайтын 1977 жыл еді. Сабыржан Ахметұлы басқарған Амантоғай ауданы да жабылып, оны көршилес Аманкелді, яғни өзінің өсіп-өнген еліне әкім етіп жіберді облыс басшылары. Расында, туған еліне басшылыққа келу – қашанда халқының қамын есінен шығармайтын қамқор азамат үшін қуанышты жәйт еді. Өйткені ол өз жеріндегі проблемаларды бес саусағында жатқа білетін. Сондықтан жерлестеріне барынша көмектесуді алдына мақсат етіп қойды. Игілікті істерін бастады-ау...

Аманкелді ауданындағы басшылығына небірі бір жылдай уақыт өткенде, Сабыржан Ахметұлын облыс орталығы мәртебесінен айрылып, тағы да анырап қалған Арқалыққа әкім етіп тағайындау туралы жарлық жарқ етпесі бар ма? Ел де, елағасы да тұс көргендей аң-таң бол қала берді.

## Шындалу

Үкіметтің Торғай облысын тарату жөніндегі соңғы жарлығы халыққа ауыр соққы бол тиғендігі тарихи ақиқат. Ондаған көп қабатты тұрғын үйлердің босап қалғандығы өз алдына, мәдени, әлеуметтік, оқу-ағарту ғимараттары көрген кісінің көңілін құлазытатын күйге түсті. Жаппай қоныс аударушылық белең алды. Жұмыссыздық жаңбырдан кейінгі санырауқұлақтардай қантап кетті.

Алдына келгендер тек етегімен көз жасын сұртіп отыратын ғаріп жандар болатын. Қаржы тапшы. Кол қысқа. Кей сәтте жан-жүрегі ауырғанда Сабыржан Ахметұлы өзінің жуастығына налитын. «Неге ғана Аманкелдіден Арқалыққа келуге келісім бердім?» деп өкінгендей кейіп танытатын. Алайда қындықты жеңуге бекем бел буған арқалықтықтар секілді, көңілінің орнына түсіп, еті үйрене бастағанын сезді. «Білекті түріп тастап, біліктілікті көрсететін, елмен бірге елдіктің жырын айтатын кезең келді» деп ойлады ол. Қазір есіне алса, Арқалықтың халі қаншалықты ауыр болса да, мұндағы өмірінің небір тауқыметті болмасын жеңуге болатындағы қажыр-қайрат, ұстамдылық, табандылық пен сабырлылық сыйлас, азаматтық ұстанымын шындағы түскендердің мойындар еді. Халықтың нақ ортасында еңбек еткен кісінің суарылған болаттай мықты болып шығатындығы рас екен. Алысқа бармай-ақ, Елбасымыздың өмірінен мысал келтірер болса, Нұрсұлтан Әбішұлы мындаған градус от-жалында маңдайынан моншақтап аққан терін сұртпестен, нағыз еңбектің өнегесін көрсетті! Қазақтың мақтанышы – жалғызы – Магниткасы мен Теміртау халқын небір қындықтан аман алғып шықты! Енді міне, құллі Қазақстан мемлекетін жер жүзіне мойындастып, ұлтымыздың атағын шығарып отыр! Осындаі

толғақты ойлар құшағында тұрып, Сабыржан Ахметұлы өткеніне көз салғанда, Аллаға да, Елбасына да, Қазақстан халқына да алғыс сезімін арнар еді.

Арқалық қаласын екі жыл ішінде біршама қалпына келтірген әкімді облыс басшылары тағы да сынап көрмекші болған ба, әлде, реті солай болды ма, әйтеуір, кезек күттірмес маңызды мәселелері қордаланып қалған Ұзынкөл ауданына басшы етіп жіберді. Егер де біздің сөзімізге күдік келтірер оқырман болса, Сабыржан Ахметұлының аталмыш аудандарда қандай басшы болғандығын зерттеп көруіне болар еді. Оның қай жерде болмасын, ең алдымен халыққа аса қажетті проблемаларды шешкендігін жүрт әлі ұмыта қойған жоқ. Олардың берін тізіп жатуды әдепке жатпайтын қылыш деп санадық. Өйткені әрбір шенеуніктің басты міндегі – халқына қызмет ету.

«Мениң парызын туған жүртіма көмектесу, солардың бақытты тұрмысқа қол жеткізгенін көзіммен көру еді, – деді бізге Сабыржан аға, – 1997-1998 жылдары осы арманымды орындармын деп қуанған ем. Арқалыққа жіберді. Арада алты жыл өткенде тағдырым мені Аманкелдіме әкім етіп қайыра алғып келді. Бұл жолы тағайындалған жоқпын. Балама сайлау арқылы халықтың өз ықтиярымен әкім бол орналастым. Қандай басшы болды? Бұл сұраққа жауап бермеймін. Ол үшін Аманкелді ауданына барыңыздар. Халықпен кездесініздер». Ежелгі Торғайдың 1988 жылдан басталған (облыс тарағаннан – ред.) ауыртпалықтары әлі күнге дейін азайған жоқ. Ел еңсесін толығымен жия алмай отырған жайы бар. Үкімет Торғайды жабардан бұрын ең алдымен өз халқының болашағын, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын нашарлатып алмаудың іс-шараларын, қаржылық қордың түгесілмеуін ойластырып алуға тиісті болатын. Тұкпірде қамсыз жатқан Торғайды тағдырыдың аяусыз іріміне лақтырып тастанауы керек-ті!

Шындығында, басқалар сияқты, осы облыс та өзінің күнін көре алушы еді. Себебі, мұнда жер астының қазба байлықтары мол. Жезқазғанды Ким, Торғайды Машкевичтер жекеменшік жеріне айналдырып, бар байлығын олжалаган соң-ақ елдің ертеңінің не боллатынын болжалаган сұңғыла кісілер аз емес-ті. Бірақ олардың жанайқайын құлаққа ілген жанашып табылмады ғой. Осындай құбылмалы тұста Аманкелді мен Жанкелді аудандарының кеншарлары жаппай жабылып, оны айтасыз, кейбір ауылдар жер бетінен жойылып жатты. Бұрынғы облыс орталығы – Арқалық та Арапдың күйін кешіп аңырап қалған-ды. Әрлі-берлі сендей соғылысқан, есекіреген халық. Қайда баарарын білмей, бастары қатқан ауыл адамдары. Бір қуаныштысы: қолында малы бар, болашағын ойлайтын мындаған торғайлықтар дер кезінде Ақмолаға қарай үдере көшті. Алматыдан астана көшіп келеді деген сыйыс шығысымен олар Целиноград қаласы манындағы ауылдарға «шабуыл жасады». Қазіргі таңда Астананың айналасындағы қай ауылға барсаңыз да, көнілдері жайлланған торғайлықтарды көрер едініз.

Сабыржан Ахметұлы Астана жакқа көшіп баруга жағдайы келмейтін ағайындарымыздың туған жерде тұрмысы жақсы, ауқатты өмір сүруіне дәнекер бола білді. Ол аз ғана уақыт ішінде Аманкелді селосын кішігірім қалашыққа айналдырыды. Тұрғындардың санын 10 000-нан асырды. Құмкешу, Есір және Үштогай ауылдарынан қазіргі заманға сай екі қабатты орта мектептер салдыртты. Аудан орталығына «Қаламқас», «Жұпар» атты балабақшалар ашты. «Ақниет» тойханасын тұрғыздырыды. Өзі әкім бол сайланғанда ауданың небәрі 20 мың гектар алқабына дәнді дақылдар себілетін. Оны 70 мың гектарға жеткізді. Таңқалып отырсыз ба? Сырын ашайық. Сабыржан аға ауданда туып-өсken, кейіннен Алматы, Астана, Қостанай, Қарағанды, т.б. қалаларда кәсіпкерлікпен шұғылданатын азаматтарды шақырып, ауылды өркендетуге атсалы-суларын сұрады. Ол үшін қалаған ауылынан егістік алқабын беретінін айтты. Есесіне, жұмысшылар қабылдайды, сол жердегі мектеп окушыларына тегін тамақ ұйымдастырады. Наубайхана ашып, нан өнімдерін арзан бағаға сатқызады, т.б.

Торғайлықтар да патриот екен. Аз ғана жыл ішінде ауылдарды көтерді. Аудан орталығынан Жастар сарайын, спорт кешенін, үш жүлдүзді қонақүй, қымызхана, мей-рамханаларды пайдалануға бергізді. Ұлы Отан соғысына қатысқандарға, Төлек Жәүкे батыр, Иман батыр, Қошқар батырға және 1932 жылғы ашаршылықта қурбан болғандарға

ескерткіштер орнатылды. Елімізде әйелдердің қызметін көтеру мәселесі кейінгі жылдары ғана қолға алынды. Сабыржан Ахметұлы Аманкелді ауданы әкімі боп тұрғанда төрт бірдей ауылдың әкімі етіп ханымдарды тағайындал, кейбір еркектер тараапынан қатты сынға ұшырады. Эйтсе де ол жасыған жоқ. Өзінің ұстанымы дүрыстығын дәлелдеді.

2012 жылы С.Ахметов облыс басшыларының «Қызметіндегі жалғастыра берініз, сіздің тәжірибеңіз жастарға өнеге» деген қолдауына қарамастан өз еркімен жұмыстан босатылды. «Жастарға кезек берейік, оларға сенім білдірейік» деді ол қоштасар сөзінде. Елінің абыройына бөлөнген ардақты азамат, парасатты басшы содан бері Қостанай облыстық электр жүйесі басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарып келеді. Сөйтіп, өзінің еңбек жолын бастаған мамандығына қайыра оралды.

Сабыржан аға мен ардагер-ұстаз Захан жеңгей бүгінде бірнеше немере тәрбиелеп отыр. Татулығы жарасқан ерлі-зайыптылардың балалары да мемлекетіндегі тәуелсіздігіне сүбелі үлес қосып келеді. Олардың тұнғышы Қарлығаш – С.Сейфуллин атындағы аграрлық-техникалық университеттің оқытушысы, Арманы – VI Group компаниясы директорлар кеңесінің бас директоры, Жанары – Астана қаласында кәсіпкер болса, Ерболы – Астана қаласындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жөніндегі комитет басшысы.

Су да бірде сылдырап, бірде сарқырап аға берер.

Жылдар да жылжып өте берер.

Ұлттымыздың көсемі, данышпаны Әлихан Бекейханов: «Халқына қызмет ету, білімнен емес, иманнан; шайтан жұмақтан білімсіздігінен қуылған жоқ, имансыздығынан қуылған» – деп тамаша өсиет қалдырган ғой.

Ендеше, бір ғана іс мәңгілік ұмытылмайды: ол – халыққа жасалған қызмет.

Олай болса, Сабыржан Ахметұлының өнегелі өмірі мен жарқын істері қазақ халқының тарихында шамшырақтай жарқырап тұратынына еш күман жоқ.

Айтбай СӘУЛЕБЕК

Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты